

«Келісілді»

**Атырау облысының
қорғаныс істер жөніндегі
департамент бастығы полковник
полковник __ Б. Акбалиев
«__» _____ жыл**

«Бекітемін»

**Атырау аймақтық дене
тәрбиесі және спортты
дамыту орталығының
директоры ____ С.Жекенов
«__» _____ жыл**

**«Алау» облыстық әскери - патриоттық клубтарының слетін өткізу
Ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Алау» облыстық әскери-патриоттық клубтарының слетін (бұдан әрі – облыстық слет) өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Облыстық слет Атырау қаласының № _____ орта мектебінің базасында өткізіледі.

1.3 Облыстық слетті ұйымдастыруды Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі Департаменті, "Жас сарбаз "балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалының қолдауымен жүзеге асырылады.

2-тарау. Облыстық слеттің мақсаты мен міндеттері

2.1 Облыстық слетті өткізудің мақсаты:

- 1) Өскелең ұрпақты Отан сүйгіштік рухта тәрбиелеу;
- 2) Қазақстан Республикасында әскери-патриоттық тәрбие беруді дамыту, әскери қызметті насихаттау және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мәртебесін арттыру;
- 3) Салауатты өмір салтын насихаттау;

2.2 Облыстық слеттің міндеттері:

- 1) жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін арттыру, әскери-патриоттық клубтардың, сыныптардың қызметін үйлестіру және олардың әскери басқару органдарымен қарым-қатынасын нығайту;
- 2) жастарды Қарулы Күштердің әскери қызметіне даярлау, олардың әскери қызмет өткеру кезінде қажетті дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;
- 3) салауатты өмір салтын насихаттау, дене шынықтыруды жетілдіру, жастардың әскери-қолданбалы және техникалық дайындыққа дағдылау.

3-тарау. Облыстық слетке қатысушылар:

3.1 Облыстық слетке қатыса алады:

- 1) дәрігерлік рұқсаты бар әскери-патриоттық клубтардың 7-8 сынып оқушыларынан құралатын аудандық (қалалық) слетінің жеңімпаздары (11 жасөспірім, оның ішінде 7 ұл және 4 қыз) және әскери-патриоттық клубтың жетекшісі.

4-тарау. Облыстық слетке қатысу шарттары

4.1 Облыстық слетке қатысу үшін келетін күні мен уақытын, көлік түрі және қатысу туралы өтінімді 2019 жылдың ____ _____ дейін ААДТЖСДО-ның мына телефондары мен пошта мекен-жайына : 8(7122)27-24-09 060011, Атырау қаласы, Әйтеке, 22, e-mail: kabinet_nvp@mail.ru электрондық поштасына хабарлайды;

4.2 Облыстық слет 2019 жылдың ____ _____ күндері әскери – патриоттық сайыс ретінде өткізіледі. Мандаттық комиссия Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығында ағымдағы жылдың ____ _____ күні сағат ____ – де болады. Облыстық слетке қатысушылардың келу күні _____. Сайыс ____ сағат ____ –де басталады;

4.3 Мандаттық комиссияға тапсырысқа дәрігердің мөрі, мектепте оқушының оқитыны туралы анықтама фотосуретімен, шетіне мектеп мөрі соғылуы тиіс және туу туралы куәлік болуы керек, қауіпсіздік ережесі, сонымен қатар ауданда (қалада), өткізілген сайыс бойынша есебі болуы тиіс.

4.4 Команда құрамы және әскери-патриоттық клубтің жетекшісі міндетті түрде әскери киім үлгісінде келуі тиіс;

4.5 Әр команда өздерінің пневматикалық мылтығы мен оқтарын (пульки), оғы жаракталған оқжатарларын алып келуі тиіс.

5-тарау. Облыстық слеттің бағдарламасы:

5.1 Саптық дайындық - 11 оқушы түгел қатысады.

(«Саптал», «Жинақтал», «Түзел!», «Тік тұр!»). Командирдің баянат (рапорт) тапсыруы, сәлемдесу. Орында тұрғандағы бұрылыстар: «Оң-ға», «Сол-ға», «Арқа бұрыл!»; Ортадан «жазылу» және «жинақталу» пәрмендерін орындау. Бір қатарлы саптан екі, үш қатарлы сапқа тұру. Саптан шығу және қайта сапқа тұру (1 қыз бала), бастыққа келу және қайта сапқа бару (1 ұл бала); Бөлімше құрамында саптық қозғалыстағы бұрылыстар. «Оң-ға», «Сол-ға», «Артқа - бұрыла бас!»;

Бөлімше құрамында әскери сәлемдесу;

Бөлімше құрамында саптық ән.

5.2 Әскери - спорттық эстафета:

- 10 метрге жүгіру – 1 ұл;
- 16 кг. кіртасын тасымалдау – 1 ұл;
- Кермеде тартылу – 1 ұл (8 рет);
- Шалқалап жатып денені көтеру – 1 қыз (25 рет);
- Арқанға өрмелеу аяқтың көмегімен – 1 ұл;
- АК – 74 толық емес бөлшектеу және жинақтау – 1 ұл, 1 қыз;
- Кіші допты нысанаға тигізу – 1 ұл, 1 қыз;
- Пневматикалық мылтықпен нысанаға ату – 1 ұл, 1 қыз
- Оқжатарға оқ жарактау – 1 ұл, 1 қыз

6 – тарау. Облыстық слет қорытындысы және марапаттау

Жарыс қорытындысы бойынша 3 жүлделі командалық, сонымен бірге автоматты толық емес бөлшектеу және жинау, оқжатарды оққа жарақтау, пневматикалық мылтықтан ату, физикалық дайындық бойынша нормативтерді орындау жеке біріншілігі үшін орындар анықталады.

7-тарау. Облыстық слетті қаржыландыру

7.1 Облыстық слетке қатысатын командалардың шығындары, Атырау қаласына дейін және қайту жолақылары, тамақтану және жататын орнының шығындары жіберуші мекеме тарапынан қамтамасыз етілсін.

7.2 Облыстық слетті өткізуге байланысты шығындар (марапаттау, төрешілер алқасы) Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының есебінен.

«Алау» әскери-патриоттық клубтарының облыстық слетіне қатысуға

ӨТІНІШ

Білім беру ұйымы _____

(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы _____

Команда жетекшісі _____


(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)

Қатысушылар тізімі

№ р/р	Аты-жөні, тегі (толығымен)	Туған күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді	Оқу орны. Байланыс телефоны	Дәрігердің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі

**Мектеп оқушыларының
«Алау» әскери-патриоттық клубтарының облыстық слетіне
қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



Спорт түрі _____

М.О.

(Мектептің мөрі бұрышына басылады)

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Спорт разряды _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры _____

(Т.А.Ә. қолы)

